

УДК 347.7

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҒАЛАУ


**Қажыбек Інкәр Жігерқызы**

[inkar\\_kazhybek@mail.ru](mailto:inkar_kazhybek@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» мамандығының 2 курс студенті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – А.К. Жахметова

Қазақстанда 2002 жылдан бері елімізде Денсаулық жылы болып жарияланғанына 18 жылдай болды. Содан бері еліміздегі денсаулық сақтау саласының даму және нығаюы қарқынды түрде жүріп жатыр. Денсаулық сақтау саласының даму тарихы Қазақстанның бүкіл халық шаруашылығының даму тарихын көрсетеді. Себебі, денсаулық сақтау саласы адами фактормен тікелей байланыста болғандықтан әрбір сала оған тәуелді. Республикадағы денсаулық сақтау саласы бүгінгі күні қиын жағдайда екені рас. Бюджеттегі емдеу мекемелері азаматтарға қолайлы, ақысыз, білікті медициналық жәрдем көрсете алмайды, ал ақылы жәрдем алуға жұрттың бәрінің мүмкіндігі жоқ, жаңа жүйе болса әлі жетіліп игерілмеген. Осы сынды мәселелерді шешу еліміз бюджеттік бағдарламалар әзірлеген. Бұл кезекте мемлекеттік бюджеттің маңызы жоғары. Мемлекеттік бюджеттің рөлі оның мемлекеттік органдар мен әлеуметтік саланы, соның ішінде , денсаулық сақтау саласын қаржылай қамтамасыз ететін қаржылық база ретінде көрініс табады. Мемлекеттік бюджет мемлекеттің экономикалық және қаржылық саясатын жүзеге асыратын маңызды құрал бола отырып, ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарын шешу және жалпы ұлттық көлемдегі резервтерді құру үшін қажетті ақша қаражаттарын орталықтандыру жүйесін бекітеді. Сонымен, мемлекеттік бюджетте шоғырланған ақша қаражаттары мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүзеге асыруға, оның қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз етуге бағытталып, бюджеттің көмегімен халық шаруашылығы және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы жалпымемлекеттік және жергілікті бағдарламалар жүзеге асырылады. Соның ішінде 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік бюджеттен 1 969 729 500 мың теңге көлемінде ақшалай қаражат бөлінді. «Денсаулық» бағдарламасы еліміздің негізгі мақсаты болып саналатын нысаналы индикаторларды , яғни , өмір сүру ұзақтығы ,өлім-жітім,туу көрсеткіші, сапалы медициналық көмек сында мәселелерді көтеріп , оның көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған. Ендігі бұл мақаланың өзектілігі осы бағдарламаның мақсатты түрде жүзеге асырылып, мемлекеттік бюджеттің қаражатының тиімді игерілуін бағалау болып табылады[2].

жылғы қортындысы бойынша көрсеткіш 54,4% болды. Бағдарламадағы жоспар бойынша 2016 жылы 40%, 2017 жылы 42% құрауы керек болған. Бұл дегеніміз бағдарлама индикаторы жүзеге асырылғанын білдіреді [3].




3-сурет. ҚР «Денсаулық» бағдарламасы бойынша 2016-2017 жылғы салыстырмалы түрде жоспарланған және нақты халықтың медициналық көмек сапасына қанағаттануының деңгейі

Елімізде осы бағдарлама аясында жұқпалы аурулармен ауыру төмендеді. 2017 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан «Туберкулездің таралуы» («Tuberculosis incidence») факторы бойынша өзінің жағдайын 2016 жылмен (138 елдің ішінен 92-орын алған) салыстырғанда 2 позицияға жақсартты және 138 елдің ішінен 90-орын алды. Медициналық көмек көрсетудің сапасын жақсарту және оның қолжетімділігін арттыру нәтижесінде бірқатар жұқпалы және басқа да ауруларға қатысты халық денсаулығының жай-күйінде оң үрдістерге қол жетті. Алайда республика халқының денсаулық жағдайы өлшемінің көптеген бөлігі қанағаттанғысыз. Нысаналы индикатор бойынша халықтың жалпы өлім-жітімі жыл сайын 2% төмендейді (2016 - 1000 тұрғынға 7,4). Оның ішінде аналар өлімінің құрылымында жүктіліктің және босанудың (акушерлік асқынулардың) себептері 49,0% құрады; Жүктіліктің және босанудың (экстрагенитальды аурулар) тобына жатпайтын топтағы - 51,0% [3].

2017 жылы ана өлімінің себептерінің құрылымында 19,1% онкологиялық аурулардың бірінші орында тұр. Бұдан басқа, жүрек-тамыр аурулары -10,6%, тыныс алу аурулары - 10,6%, басқа экстрагенитальды аурулар - 4,2%. Талдау нәтижесінде мақсатты мәнге жетудің негізгі себептері:

1. Негізгі факторлардың бірі – туу көрсеткіштердің төмендеуі.

Мәселен, 2014 жылдан 2016 жылға дейінгі кезеңде демографиялық көрсеткіш төмендейді - халықтың 1000 адамға шаққандағы тууы (2014 жылы - 23,14, 2015 жылы - 22,69, 2016 - 22,52). Бұл 1990-шы жылдардың ұрпақ әкелу жасына енуіне байланысты. 2017 жылы 391,6 мың бала туылды, бұл 2016 жылға (400,7 мың) қарағанда 2,3% -ға кем [3].



4-сурет. ҚР-да 2016-2017 жылғы салыстырмалы түрде жоспарланған және нақты туу көрсеткіші, мың бала

## 2. Әйелдердің денсаулық деңгейінің төмен көрсеткіші.

Жүкті әйелдердің денсаулығының көрсеткіші шамамен 38% құрады. Жүктіліктегі және босанғаннан кейінгі экстрагениталды патологияның жиілігі 62% құрады.

Олардың ішінде анемиядан зардап шегетін жүкті және босанған науқастардың 34% - ы, генитурия жүйесінде 12%, қан айналымы жүйесінде 5,6%, эндокринді жүйеде 3,6%, тыныс алу жүйесінде 3,5%, ас қорыту жүйесінің 1,8% [3].

Сонымен осыны ескере отырсақ, 2016-2017 жылдардағы есеп бойынша мына көрсеткіштері орындалмаған: семіздіктің таралуы, халықтың жалпы өлім-жітімі, аналар өлім-жітімі, жаңа қатерлі ісіктер бар науқастардың 5 жыл өмір сүруі. Жалпы енді елімізде өлім-жітімді төмендету үшін мамандандырылған медициналық ұйымдардың рөлі мен жауапкершілігі барлық деңгейлерде медициналық көмектің үйлесімділігіне, мониторингіне, тиімділігін және сапасын қамтамасыз етуде күшейтілді. Ана мен бала өлімін азайту мақсатында Министрлік акушерлік және балалық шақтағы медициналық көмек көрсетудің кешенді моделін табысты енгізді [3].

Еліміздегі мемлекеттік бюджеттің дұрыс игерілмеуінен туындаған экономикалық тұрақсыздық салқынын ең алдымен, денсаулық сақтау саласы сезеді. Сол себепті де, елбасымыз бюджеттік қаражаттың көп бөлігін әлеуметтік салаға, соның ішінде, денсаулық сақтау саласына жұмылдыруды қолға алу керек екенін айтқан болатын. Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойған еліміздің одан әрі дамуы және 2050 жылға қарай әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері мен Қазақстанның дамуы арасындағы алшақтықтарды жою керек деді. Осыған орай мемлекет ұсынылатын медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсартуға, денсаулық сақтау жүйесін басқару және қаржыландыру жүйесінің тиімділігін арттыруға, сондай-ақ қолда бар ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған ЭЫДҰ елдерінің стандарттарын кезең-кезеңімен енгізуді қамтамасыз етуге тиіспіз. 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасын іске асыру барысында кейбір индикаторлардың жүзеге аспауына қарамастан, Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесінің әлеуеті нығайтылды, нарықтық тетіктер элементтері енгізілді және қазіргі заманғы медициналық технологиялар трансферті жүзеге асырылды. Ендігі бағыт осы бағдарлама арқылы қол жеткізілген нәтижелерді ендігі кезекте бекіту мен дамытуға және денсаулық сақтау мәселесіндегі проблемаларды жаңа сын-тегеуріндерге сәйкес шешуге бағытталады, сондай-ақ саланың 2050 жылға дейінгі жоспарлы дамуы үшін негіз болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау желісі дамығанымен, халық әлі де болса, сапалы медициналық көмек ала алмай келеді. Содан дәрігердің алдындағы сонау ұзын-сонар кезекті мүлде азайтып, осынау цифрланған заманда тұрғындарға қызмет көрсету сапасын арттыру қажеттігі туындайды. Осы тұрғыда министрлік әзірлеген 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасы алдыңғы кезекте бастапқы медициналық-әлеуметтік көмек көрсету жұмысын жақсартуға бағытталады. Сондай-ақ, бағдарлама аясында аурулардың алдын алу және ескерту жұмыстары жаңғыртылады. Айналып келгенде, «Денсаулық» бағдарламасының басты міндеті мемлекет басшысы алға қойған міндетті жүзеге асыру екені баршамызға анық. Ал ол міндет қандай деген сұрақ туындайды.

Қазақстан 2050 жылға дейін әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына енуі және адамның өмір сүру ұзақтығы 80 жасқа дейін артылуы керек. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың Үкімет алдына қойып отырған негізгі тапсырмаларының бірі – осы. Елбасымыз әрбір жолдауына медицина саласына айрықша тоқталып өтеді. Айталық, алдыңғы жолдауында Н.Ә.Назарбаев денсаулық сақтау саласын қайта реттеу мәселесіне баса назар аударды. Оның ішінде шағын медицина ұйымдарын құру және салаға инвестициялар тарту мүмкіндігі ерекше аталып өткен[1]. Мұның барлығы 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасында қамтылған. Бұған қоса, қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамыту, алғашқы медициналық-санитарлық көмекті жетілдіру, дәрі-дәрмек саясатын дұрыс жолға қою керекпіз. Бұл аса маңызды. Отандық медицинаның ақсап тұрған тұстары осыларға қатысты.

**Денсаулық сақтау** бұл әрбір қоғамның әлеуметтік өмірінің маңызды саласы болып табылады. Мемлекетіміздің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі болып - бірнеше рет қайта құруларды басынан кешіріп, алдағы уақытта да дамытылуы жоспарланып отырған ұлт денсаулығы екені баршамызға анық. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласын жетілдіру үшін мемлекеттік бюджет қорынан орасан зор қаржы бөлінуде, жеке меншік секторды қоса отырып қаржыландыру мен басқарудың жаңа әдістері енгізілуде, дәрігерлерді оқыту мен олардың қызығушылығын арттыру бойынша жаңа кадр саясаты қалыптасуда. Осының бәрі қолданыстағы бюджеттік бағдарламалар аясында өзара аса қарқынмен дамуда. Алайда, бұл бағдарламалардың іс жүзінде нақты орындалуы және мақсатына жетуі қазіргі күні еліміздің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Сол себепті де, бұл бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау қажеттілігі туындауда. Осыған орай, мемлекеттік бағдарламалардың орындалу қарқынына көз жеткізу үшін күні кеше ғана мәресіне жеткен 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасын Денсаулық сақтау министрлігінің құжаттарының қатарындағы 2016 және 2017 жылғы жылдық есебі бойынша салыстырмалы түрде қарастырайық[2].

Біріншіден, бұл бағдарламаның қаржыландыру көздері мен көлемдеріне қарастырсақ, 2016-2019 жылдары бағдарламаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттен жұмсалатын жалпы шығын 1 969 729 500 мың теңгені құраған. Төмендегі көрсеткіштер бойынша бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіту кезінде әрі республикалық және жергілікті бюджеттердің, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының кіріс бөлігінің мүмкіндіктері тұрғысынан, сондай-ақ басқа да балама көздердің тартылуымен жүзеге асқан [2].


Қазақстан Республикасы халқы денсаулығының жай-күйі, санитарлық-эпидемиологиялық ахуалы және денсаулық сақтау жүйесінің дамуы соңғы он жылдықта оң үрдістермен де, сол сияқты теріс үрдістермен де ерекшеленді. «Денсаулық» бағдарламасы шеңберінде 2020 жылға қарай осындай бағыттар жүзеге асуы тиіс:

– Қазақстан Республикасы халқы өмір сүруінің күтілетін ұзақтығын 73 жасқа дейін арттыру;

– аналар өлім-жітімін – үш есе,


– нәрестелердің өлім-жітімін – екі есе,

- Қазақстан Республикасы халқының жалпы өлім-жітімін – 2009 жылғы деңгеймен салыстырғанда 30% -ға;
- туберкулезден өлімге ұшырауды 100 мың адамға шаққанда 3,8 адамға дейін төмендету;
- 15–49 жас тобында АИТВ-жұқпасының таралуын 0,2–0,6 % шектерінде ұстап тұруды қамтамасыз ету жоспарланған[2].



1-сурет. ҚР 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасына жұмылдырылған қаржыландыру көздері теңге

Соған сәйкес соңғы жылдары еліміз негізгі медициналық көрсеткіштер - туу, өлім-жітім, өмір сүрудің орташа ұзақтығы тұрақтандыруға қол жеткізді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек нысаналы индикаторлар қатарындағы өмір сүрудің күтілетін ұзақтығының көрсеткіші 2016 жылғы жоспар – 71,8 жыл, 2017 жылғы жоспар – 72,2 жылды құрауы тиіс болатын. 2017 жылдың қорытындысы бойынша 72,4 жыл құрады, осы 2016 жылмен салыстырғанда 0,4 жылға жоғары (2016 жыл – 72 жылды құрады). Бюджеттік бағдарлама индикаторы жүзеге асырылды [3].



2 – сурет. ҚР-да 2016-2017 жылғы өмір сүру көрсеткіші, жыл

Келесі нысаналы индикатор бойынша халықтың медициналық көмек сапасына қанағаттануының деңгейі 2016 жылғы қорытындысы бойынша көрсеткіш 41,6% болды, 2017

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауы (2012 жылғы 14 желтоқсанда) Қазақстан Республикасы президентінің ресми сайтынан- [https://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs)

2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі сайтынан- <http://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/documents/details/11603?lang=kk>

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы есеп Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі сайтынан- <http://www.gov.kz/memleket/entities/dsm/documents/details/11609?lang=kk>